

исследовательские публикации (таких как рецензируемые журналы, отчеты, правительственные порталы, документы конференций, источники новостей / статей) .

*Оригинальность / ценность исследования* Практическое значение этого исследования состоит в том, что его результаты могут быть полезны для Казахстана для поддержки туристического сектора и создания плана действий для создания стратегии национального бренда в условиях пандемии. Исследование включает в себя анализ вторичных данных о последствиях COVID-19 для экономики посредством сравнительного анализа действий, касающихся процесса восстановления, двух стран: Казахстана и Великобритании. На основании данного анализа данных были представлены наиболее подходящие шаги по восстановлению туризма.

*Результаты исследования* показывают, что в краткосрочной перспективе для национальных экономик может быть более целесообразным отдавать приоритет внутреннему, а не международному туризму. Кроме того, с точки зрения среднесрочных и долгосрочных планов, важно, чтобы Казахстан извлек уроки из международного опыта, для того чтобы предпринять действия по плану восстановления туризма, например, схему поддержки мест и организаций культурного наследия.

Практическое значение данной научной работы состоит в том, что она написана как план действий (или справочник) для поддержки туристического сектора. Ограничение заключается в том, что данная статья основана на вторичных данных, так как недостаточно надежных данных опубликовано в академической литературе на данный момент. Ожидается, что результаты исследования помогут ученым в проведении будущих углубленных исследований.

*Ключевые слова:* национальный брендинг, инвестиции, цифровизация, туризм, стратегический маркетинг.

#### ABOUT THE AUTHORS

**Nurpeissova Assem** – PhD student, Bang College of Business, KIMEP University, Almaty, Republic of Kazakhstan, e-mail: [assem.nurpeissova@kimep.kz](mailto:assem.nurpeissova@kimep.kz)\*

**Dewan Md. Zahurul Islam** – PhD, Associate Professor, Bang College of Business, KIMEP University, Almaty, Republic of Kazakhstan, e-mail: [mzidewan@kimep.kz](mailto:mzidewan@kimep.kz)

МРНТИ 06.52.17

JEL Classification: A13

<https://doi.org/10.52821/2224-5561-2021-2-80-92>

#### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КОРПОРАТИВТІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПҚЕРШІЛІКТІҢ ДАМУЫ

**Ж. К. Алтайбаева<sup>1</sup>, Ш. Ш. Хамзина<sup>2\*</sup>, А. К. Балтабаева<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup>Инновациялық Еуразия университеті, Павлодар, Қазақстан Республикасы

<sup>3</sup>Тұран Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

---

---

#### АҢДАТПА

*Зерттеу мақсаты* – Қазақстандағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік моделін айқындау, сондай-ақ оның идеяларын ілгерілетуді талдау негізінде даму мәселелері мен болашағын анықтау.

*Әдіснамасы* – Қазақстанда корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің даму үрдісін анықтау үшін: жүйелік, диалектикалық, салыстырмалы, аумақтық-бағалау тәсілдері қолданылды. Әдістердің

әртүрлілігі топтарға біріктірілген: сипаттау, салыстыру, экономикалық-статистикалық әдістер, корреляциялық талдау, жалпылау, басқа әдістер мен амалдар.

*Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы.* Мақалада Қазақстан Республикасындағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (бұдан әрі – КӘЖ) қағидаттарын ілгерілетудің ерекшеліктері қарастырылған. Қазақстандағы КӘЖ қағидаттарын ілгерілетудің барлық құрамдастары тұжырымдамалық негіздер, КӘЖ дамуының мүдделі тараптары, сондай-ақ оның елдегі дамуын құқықтық қамтамасыз ету айқындалған бірыңғай жүйе ретінде қарастырылды. Авторлар ірі бизнестің КӘЖ қазақстандық моделіне сипаттама берді және оның қағидаттарын қазіргі кезеңде практикалық іске асыру мысалдары келтірілді. Павлодар облысында жер қойнауын пайдаланушылар компанияларының қатысуымен олардың әлеуметтік инвестицияларына талдау жасалды. Қарастырылған әлеуметтік инвестициялар жергілікті атқарушы органдармен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар аясында жүзеге асырылды.

*Зерттеу нәтижелері* – Жүргізілген зерттеу негізінде авторлар Қазақстандағы КӘЖ даму жағдайы туралы қорытындыларды қалыптастырды.

*Түйін сөздер:* корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, әріптестік, тұрақты даму, бизнес, стейкхолдерлер.

## КІРІСПЕ

Қазақстандағы ірі бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі қоғамның адами әлеуетін іске асырудағы әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайларын жақсартуға арналған қазіргі заманғы сұраныстарына жеткілікті дәрежеде жауап бермейді. Адамның еркін, қауіпсіз еңбекке, еңбек ақы төлеуге, демалуға және еңбек дауларына құқықтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген құқықтары бизнестің қызметкерлер алдындағы ортақ жауапкершілігін қарастырады [1, 1,24-бап].

Авторлардың пікірі бойынша, Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті мүдделі тараптармен ерікті және келісілген компанияның өз қаражаты есебінен маңызды ішкі және сыртқы әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру міндеттемесі ретінде қарастыру қажет. Компаниялардың корпоративтік ортақ жауапкершілігін іске асыруы компанияның болашақтағы дамуына, беделін жақсартуға, мемлекетпен, іскерлік серіктестермен және жергілікті қоғамдастықтармен әріптестік байланыстарды кеңейтуге жәрдемдеседі [2; 3]. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік шын мәнінде тұрақты дамуды қамтамасыз ететін қоғамға әсер ету құралы болып табылады [4].

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық келісімшартында баяндалған КӘЖ қағидаттарын қабылдау ірі бизнестің барлық субъектілерінің Қазақстанның орнықты даму стратегиясын толыққанды іске асыру үшін бағыттаушы және ұйымдастырушы негіз болуға тиіс.

Короновирус пандемиясымен байланысты әлемдік оқиғалардың салдарынан КӘЖ іске асыру мәселелері Қазақстан үшін де өте маңызды болды. Қазақстанда аурудың таралуын қысқарту үшін көптеген кәсіпорындардың іскерлік белсенділігі айтарлықтай шектелді, демек, мемлекет пен халықтың бюджетіне кірістер қысқарды. Қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті төмендету үшін мемлекет азаматтарға әлеуметтік төлемдерді беруді жүзеге асырды. Кәсіпорындар мен халықты қолдау жөніндегі мемлекеттік шараларды жеткілікті деп атауға болмайды. Кәсіпорындар мен азаматтардың бір бөлігі әлеуметтік жауапкершілік таныта отырып, медициналық құралдармен және мұқтаждарды қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге көмек көрсетті. Бизнес иелері мен кәсіпорын қызметкерлері халықтың әлсіз топтары үшін волонтерлік көмек көрсетті. Қазіргі уақытта карантин кезінде болған экономикалық және әлеуметтік шығындарды бағалау қиын. Дегенмен жұмыс орындарының бір бөлігі жоғалды, орта және шағын бизнес айтарлықтай зардап шекті деп айтуға болады. Әсіресе қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін шағын бизнес зардап шекті.

## ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Финляндия, Швеция, Германия, Дания және т.б. сияқты елдердің көпшілігінде БҰҰ-ның Жаһандық келісім шартына енетін кез келген деңгейдегі компанияларда әлеуметтік жауапкершіліктің көрінісі

қызметті жүзеге асыру үшін стандартты талап болып табылады, дегенмен осы елдердегі КӘЖ модельдері әртүрлі [5].

Қазақстанда дамыған елдермен салыстырғанда корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік тәжірибесі дамудың бастапқы сатысында тұр. 2019 жылдың басында қазақстандық 15 компания Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі – БҰҰ) Жаһандық келісім шартына қатысушы болып табылады, бірақ тізімде 178 компания салық аударымдарын жүргізетін жер қойнауын пайдаланушылары ғана бар. Қазақстан Республикасының шикізаттық бағыты бар және оның ЖІӨ 30 %-дан астамы жер қойнауын пайдаланушылар кәсіпорындары есебінен қалыптасады [6].

Жаһандық келісімшартқа қатысушылар арасында Қазақстаннан «KEGOC» АҚ, «Қазақстан Темір Жолы» АҚ, «ҚазМұнайГаз» АҚ Ұлттық компаниясы, «Олимп Медикал Групп» ЖШС, «Алмаз Медикал Групп» ЖШС және т.б. танымал компаниялары бар [7]. Жаһандық келісімшарттың ішіндегі он бес қазақстандық қатысушы компаниялардың төртеуі медициналық саланы қамтиды. Қазақстанның мұнай-газ секторынан өкіл ретінде «Қазмұнайгаз» АҚ Ұлттық компаниясы қатысады. Мысалға, 2019 жылдың басында Қазақстан Республикасында мұнай және табиғи газ өндіру бойынша 104 кәсіпорындар тіркелген болатын [8].

Әлеуметтік-жауапкершілік қызметті өз стратегиясының бөлігі ретінде жүзеге асыру, өз әлеуметтік жауапкершілігі мен мүмкіншіліктерін түсінуге байланысты, кәсіпорындармен әртүрлі жолдармен жүзеге асырылады. Бұл бизнестің ауқымы мен экономикалық тұрақтылығын білдіреді. Қазақстан Республикасы Заңнамасы бойынша қажетті, оған қосымша ережелерді дамыту стратегиясын негізге ала отырып, ірі кәсіпорындар КӘЖ жүйелі және тұрақты негізде жүзеге асырады. Орта кәсіпорындар көбінесе кейбір қайырымдылық акцияларын және салық төлеу мен еңбекақы төлеу бойынша заңнамада белгіленген талаптарды жүзеге асырады, экологиялық заңнаманы сақтайды. Ірі, орта және шағын бизнестің КӘЖ талаптары мен тәсілдері әртүрлі. Мысалы: «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры АҚ мемлекеттік холдингі ірі бизнес субъектісі бола отырып, КӘЖ-ны ортақ стратегияға біріктірді. Холдингінің 2012-2022 жылдарға арналған Даму стратегиясында топтағы әлеуметтік жауапкершілік стандарттарын жоғарылатуды қарастырады, оның ішінде:

- әлеуметтік әріптестік қағидасы негізінде әлеуметтік-еңбектік қарым-қатынасты реттеу;
- өндірістегі экологиялық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- әлеуметтік жобаларды іске асыру аумағындағы біртұтас саясатты анықтау.

Табиғи ресурстарды өндіру мен өңдеу саласындағы жетекші әртараптандырылған компания – Eurasian Resources Group (бұдан әрі – ERG) корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын табысты енгізудің мысалы болып табылады. ERG тобы өз қызметін төрт құрлықтағы он бес елде жүзеге асырады, интеграцияланған тау-кен металлургия, өңдеу, энергетика, логистика және маркетинг кәсіпорындарына ие. ERG тобы қызметінің ауқымы бүкіл ел экономикасының дамуы үшін стратегиялық маңызы бар және көптеген адамдардың мүдделеріне әсер етеді. Компания өз бизнесінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге ұмтылады және өзі әрекет ететін өңірлерде қызметінің әлеуметтік құрамдас бөлігіне жоғары көңіл бөледі. Компания жаңа жұмыс орындарын құру, қызметкерлерге арналған әлеуметтік бағдарламалар, демеушілік және қайырымдылық, экологиялық және білім беру акцияларын өткізу арқылы әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын жүзеге асырады.

Еуразиялық топтың (ERG) стейкхолдерлерінің ең маңызды қатысушысы елдердің үкіметтері болып табылады. Бұл олардың мемлекеттік саясат, заңнама, реттеу және жаңа лицензиялар беру арқылы қызметке әлеуетті ықпалына байланысты. Қазақстан Республикасының Үкіметіне ERG-дегі үлестің 40 % тиесілі, оның өкілдері топтың Менеджерлер кеңесінің құрамына кіреді. Қазақстан Республикасы Үкіметімен өзара қарым-қатынас корпоративтік мінез-құлық кодексіне сәйкес жүргізіледі, оған сәйкес ERG тобы тікелей немесе жанама түрде, менеджерлер Кеңесі алдын ала мақұлдаған ерекше жағдайларды қоспағанда, саяси қызметті қолдай алмайды. 2016 жылдан бастап ERG тобы Қазақстанның ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының мемлекеттік тіркелімінде жариялау үшін қоршаған орта жағдайы мониторингінің нәтижелерін ұсынып келеді. Бұдан басқа, топ кәсіпорындары орналасқан өңірлерде олардың қызметінің қоршаған ортаға әсерін бағалау бойынша жергілікті қоғамдастықтармен консультациялар өткізіледі.

Кесте 1 – Павлодар облысының әкімдігімен өзара әріптестік жөнінде Меморандум аясында ірі жер қойнауын пайдаланушылардың әлеуметтік инвестициялары млн. теңге

Әлеуметтік инвестиция саласы	Компаниялар												Барлығы		
	«ERG»			«KAZ MINERALS»				«Боғатырь» ЖШС			2016	2017	2018		
	2016	2017	2018	2016	2017	2018	2016	2017	2018						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11 (2+5+8)	12 (3+6+9)	13 (4+7+10)			
Әлеуметтік қорғау	33	120	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	33	120	0
Денсаулық сақтау	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	0	0	0
Білім беру	382	-	-	-	-	-	-	0,3	-	-	-	-	382	0,3	0
Спорт	953	2 410,0	3 152,2	165	1600	226	67	10	-	1185	4020	3378,2	1185	4020	3378,2
Дін және мәдениет	-	-	300	-	-	-	0,8	-	-	-	-	300	0,8	0	300
Басқалары	250	-	-	533,4	-	1074,00	16	60	74	799,4	60	1148	799,4	60	1148
Компанияның әлеуметтік инвестицияларының барлығы	1618	2530	3452,2	698,4	1600	1300	83,8	70,3	74	2400,2	4200,3	4826,2	2400,2	4200,3	4826,2
Компанияның әлеуметтік инвестицияларының өсу қарқыны, %	x	56,4	36,6	x	56,4	-18,8	x	-16,1	5,3	x	75	15	x	75	15
Компанияның түсімі	86731,6	102128,5	105974,2	331398	631981,8	746971	62462,7*	79528,1*	91014*	480592,3	813637,6	943959,2	480592,3	813637,6	943959,2
Түсімнің өсу қарқыны	x	17,8	3,8	x	90,7	18,2	x	27,3	14,4	x	69,3	16,0	x	69,3	16,0
Компанияның салық салуына дейінгі табысы	17419,9	36790,4	13696,5	75240	189138	221811	16038,7*	28488,8*	35667,7*	108698,6	254417,2	271175,2	108698,6	254417,2	271175,2
Компанияның төленген салықтары	17600	22200	18500	59166	103373,7	110905,5	12732,1	15113	18531,3	89498,1	140686,7	147936,8	89498,1	140686,7	147936,8
Компания табысынан түскен әлеуметтік инвестиция үлесі, %	9,29	6,88	25,20	0,93	0,85	0,59	0,52	0,25	0,21	2,21	1,65	1,78	2,21	1,65	1,78
Төленген салықтармен бірге компанияның әлеуметтік инвестицияларының ара салмағы, бірлік	0,092	0,114	0,187	0,012	0,015	0,012	0,007	0,005	0,004	0,027	0,030	0,033	0,027	0,030	0,033
Павлодар облысының жалпы аймақтық өнімі (ЖАӨ)															
Павлодар облысының бюджеті, нақтыланған (шығыс бөлігі)															
*Бір жылдағы теңгеге шаққандағы доллардың орташа курсы															
Ескерту – [ 9-19] дереккөздері негізінде авторлармен құрастырылған															

Павлодар облысының жер қойнауын пайдаланушылардың кейбір ірі компанияларының корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігінің көрінісі 1- кестеде [9-19] келтірілген. Мұнда осы компаниялардың үш жылдағы әлеуметтік инвестициялары жөніндегі деректер беріледі. Әлеуметтік инвестициялау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық міндеттемелері және мемлекет бюджетіне төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша бюджетке төлеген қаражаттан тыс, компаниялардың өз қаражаты есебінен жүзеге асырылды.

Павлодар облысында жер қойнауын пайдаланушылардың әлеуметтік инвестицияларының жалпы сомасы 2016-2018 жылдары 2 400,2 млн. теңгеден 4826,2 млн. теңгеге дейін екі еседен астам ұлғайды. Егер компаниялар бөлінісінде әлеуметтік инвестициялар серпінін қарастыратын болсақ, онда тек «ERG»ғана ұлғаюға нақты үрдісті көрсетіп отырғанын атап өтуге болады. 2018 жылы «KAZ MINERALS» және 2017 жылы «Богатырь» ЖШС әлеуметтік инвестицияларының өсу қарқыны тиісінше -18,8 және -16,1 теріс мәнге ие болды.

Қарастырылып отырған жер қойнауын пайдаланушылар қызметі ауқымының маңыздылығы олардың жалпы түсімін салыстыруды растайды, ол 2018 жылы сәйкес кезең үшін 2 746 652,10 млн. теңге сомасындағы жалпы өңірлік өніммен (ЖӨӨ) 943 959,2 млн. теңгені құрады. Компаниялардың үш жылдағы кірістерінің өсу қарқыны оң мәнге ие, оның ішінде өндірілген шикізат бағасының өсуі және оларды сату көлемінің артуы бар.

Әлеуметтік инвестициялардың басым бөлігін жер қойнауын пайдаланушылар спорт саласына бағыттайды. Павлодар облысында халықтың тіршілік ету салалары бойынша әлеуметтік инвестициялардың құрылымы 2-кестеде келтірілген.

Кесте 2 – Павлодар облысындағы жер қойнауын пайдаланушылардың әлеуметтік инвестициялар құрылымы

Әлеуметтік инвестициялар саласы	2016 ж.		2017 ж.		2018 ж.	
	Сомма, млн. теңге	Үлесі, %	Сомма, млн. теңге	Үлесі, %	Сомма, млн. теңге	Үлесі, %
Әлеуметтік қорғау	33	1,37	120	2,86	-	-
Денсаулық сақтау	-	-	-	-	-	-
Білім беру	382	15,92	0,3	0,01	-	-
Спорт	1185	49,37	4020	95,71	3378,2	70,00
Дін және мәдениет	0,8	0,03	-	-	300	6,22
Басқасы	799,4	33,31	60	1,43	1148	23,79
Компанияның әлеуметтік инвестициялардың барлығы	2400,2	100	4200,3	100	4826,2	100

Ескерту – 1-кестедегі мәліметтер бойынша авторлармен құрастырылған

2016 жылы Павлодар облысындағы жер қойнауын пайдаланушылардың әлеуметтік инвестициялары шамамен 16 % білімге, спортқа 49,37 % бағытталған.

2016 жылы Павлодар облысындағы жер қойнауын пайдаланушылардың әлеуметтік инвестициялары шамамен 16 % білімге, спортқа 49,37 % бағытталған.

2017 жылы әлеуметтік инвестициялардың 96 % спортқа бағытталған. Соңғы екі жылда инвестициялар білімге бағытталған жоқ.

2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда жер қойнауын пайдаланушылардың инвестиция үлесі спортқа 70% қысқарды. Павлодар облысындағы қарастырылатын компаниялар 2016-2018 жылдары денсаулық сақтау саласына әлеуметтік инвестициялар жүргізілмегені қызықты факт болып табылады.


Мәдениет пен дінге әлеуметтік инвестициялар сомасының 6 %-ы, басқа салаларға 24 %-ы тиесілі болды.

Жер қойнауын пайдаланушылардың Павлодар облысына әлеуметтік инвестициялары олар алған пайдамен салыстырғанда мардымсыз. Бұл 1-суретте айқын көрінеді. Бұл үрдіс қарастырылып отырған үш жыл ішінде байқалады.




Компаниялардың әлеуметтік инвестицияларға бөлетін сомасы олардың пайдасына байланысты. Осы көрсеткіштер арасындағы байланыстың дәрежесі мен сипаты 1-кестедегі деректерді қолдана отырып анықтауға болатын корреляция мен дисперсияны көрсетеді: «Компанияның әлеуметтік инвестицияларының жиынтығы», «Компанияға салық салынғанға дейінгі пайда».

Біздің есептеулеріміз бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың Павлодар облысына әлеуметтік инвестициялары мен олардың пайдасы арасындағы байланыс корреляция коэффициентімен көрінеді  $R = 0,9875$  мәніне тең. Бұл дегеніміз, аталған көрсеткіштер арасындағы байланыс күшті және оң, бірақ компаниялардың пайдасымен салыстырғанда олардың қатысу аумағындағы әлеуметтік инвестициялары шамалы.



Сурет 1 – Павлодар облысындағы әлеуметтік инвестициялар, салық аударымдары мен жер қойнауын пайдаланушылардың табысын салыстыру  
 Ескерту – 1-кестедегі мәліметтер бойынша авторлармен құрастырылған

Жер қойнауын пайдаланушылардың Павлодар облысындағы олардың қатысу аумағындағы әлеуметтік инвестициялары мен олардың алған пайдасы арасындағы корреляциялық байланыс 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2 – 2016-2018 жылдары олармен алынған табыстары және Павлодар облысындағы олардың қатысу аймақтарындағы жер қойнауын пайдаланушылардың әлеуметтік инвестициялар байланысының корреляциялық өрісі  
 Ескерту – 1-кестедегі мәліметтер бойынша авторлармен құрастырылған

Компанияның алынған табысының шамасынан әлеуметтік инвестициялардың жоғары деңгейі дисперсия көрсеткішімен  $R = 0,97518478$  расталады. Жер қойнауын пайдаланушылардың қатысу аумағындағы әлеуметтік инвестицияларының көлемі олардың пайдасына 97,5 %-ға байланысты екені анықталды.

Жер қойнауын пайдаланушылардың әлеуметтік инвестицияларын бюджеттің шығыс бөлігімен салыстыру өңір үшін осы инвестициялар шамасының маңыздылығын көрсетеді. 2016-2018 жылдар ішінде әлеуметтік инвестициялардың байқалған өсуіне қарамастан, олардың шамасы облыстық бюджеттен бірнеше есе аз. Бұл компаниялардың жалпы пайдасы облыс бюджетінен әлдеқайда аз болмаса да, олардың кірісін жалпы аймақтық өніммен (ЖАӨ) салыстыруға болады.

Қазақстанда бизнес-құрылымдар мен мемлекеттік биліктің тұрақты дамуды қамтамасыз ету жөніндегі өзара әрекеттесу кеңінен таралуда. Бұл өзара әрекеттесу әлеуметтік жауапкершілік тұрғысынан корпоративті стратегияларда ірі компаниялар ұсынатын әртүрлі нысандар мен әдістерде көрінеді [20].

Қоғамның қатынасы және КӘЖ бизнесінің қабылдауының мәнін түсінуге байланысты. Қазақстандық қоғамда КӘЖ туралы бірыңғай нысандандырылған түсінік жоқ. Біреулер оны компаниялардың қоғамды жақсартуға және қоршаған ортаны қорғауға қатысуға ерікті шешімінің тұжырымдамасы ретінде қарастырады. КӘЖ-ны адамгершілік құндылықтарды сақтау, адамдарға, қоғамға және қоршаған ортаға құрмет көрсету арқылы жетістікке жетудің құралы ретінде қабылдайтындар бар. Кәсіпкерлердің бір бөлігі орнықты даму мәселелері жөніндегі Дүниежүзілік Іскерлік кеңестің (WBCSD) пікірін ұстанады, КӘЖ – бұл өз қызметкерлерімен, олардың отбасыларымен, жергілікті халықпен және жалпы қоғаммен жұмыс істеуде олардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін тұрақты экономикалық даму тұжырымдамасына бизнестің адалдығы. Кейбіреулер үшін әлеуметтік жауапкершіліктің мәні – бұл жалпы қоғамға пайда әкелетін бизнестің саналы қызығушылығы. Бұл әлеуметтік шоғырландыру үшін Еуропалық кәсіпкерлер қозғалысының анықтамасына сәйкес келеді. ISO 26000:2010 стандарты бойынша өз стратегиясының КӘЖ-ін басшылыққа алатын ірі бизнес «Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі нұсқаулық» шешімдер мен өз қызметінің қоғамға және қоршаған ортаға әсері үшін жауапкершілікті түсінеді, қоғамның әл-ауқаты мен амандығын қоса алғанда, тұрақты дамуға ықпал етеді [21].

Қазақстандық қоғам Біріккен Ұлттар Ұйымының әлеуметтік корпоративтік жауапкершілік туралы Жаһандық шартында тұжырымдалған КӘЖ қағидаттарын қабылдау үшін қиын жолдан өтуде. Бағыттың қиындығы өткен кеңестік тәжірибеде қалыптасқан әлеуметтік жауапкершіліктің стереотиптік көзқарастарымен, сондай-ақ елдің өткен ғасырдың соңғы онжылдығындағы Социалистік формациядан нарықтық қатынастарға көшуі кезінде халық шаруашылығының құлдырауымен түсіндіріледі. Осы уақытта жүргізіліп жатқан мемлекеттік меншікті ауқымды жекешелендіру қазіргі заманғы бизнес – қоғамдастықтың қалыптасуына үлкен мүмкіндік берді және сонымен бірге қоғамның материалдық әл-ауқат деңгейі, әлеуметтік жағдайы бойынша терең стратификациясына ықпал етті. Елде әлеуметтік жауапкершілік мәселелеріне посткеңестік кезеңнің басында аз мән берілді, өйткені жеке бизнес енді ғана пайда болды және оның міндеттері нарықта өмір сүруге, шоғырландыруға және кеңейтуге дейін қысқарды. Бірақ 90-жылдардың соңында Қазақстанның Тұңғыш президенті Н. Ә. Назарбаев өз сөздерінде бизнестің ел алдындағы әлеуметтік жауапкершілігіне деген қоғамдық сұранысты айта бастады және әлеуметтік бағдарланған бизнесті ұлттық идея дәрежесіне көтеру қажеттілігін атап өтті [22].

Елдегі КӘЖ дамуын құқықтық қамтамасыз ету үшін бірқатар нормативтік-заңнамалық актілер қабылданды. Түрлі форумдар мен дөңгелек үстелдерде КӘЖ қағидаларын қабылдау үшін бизнес – қоғамдастықтар, жұмыс берушілер, билік өкілдері және үкіметтік емес ұйымдар арасында кең түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 2008 жылы «Парыз» конкурсын өткізу КӘЖ дамытуға кәсіпкерлерді ынталандыруға ықпал етті. Халықаралық байланыстар, бірінші кезекте Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламалары бойынша Қазақстанда КӘЖ қағидаттарын ілгерілету бойынша озық тәжірибені жұмылдыруға мүмкіндік берді. КӘЖ іске асырудың тұжырымдамалық негіздері-арнайы стандарттардың және БҰҰ-ның бизнес өкілдерімен жаһандық шартының қағидаттары мен ережелері болып табылады. 2013 жылы «Орталық Азияның Еуразия Қоры» (ОАЕК) Қазақстанда Корпоративтік Әлеуметтік Жауапкершілікті дамыту зерттеуін бастама жасады: жағдайы, мәселелер және даму болашағы жобасы ая-

сында «Қазақстанда корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті ілгерілетуде бірыңғай тәсілді әзірлеу» зерттеуіне бастамашылық етті [23]. Осы зерттеу нәтижелері негізінде Қазақстандағы бизнестің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігінің ұлттық тұжырымдамасын әзірлеу бойынша ұсыныстар берілді.

Қазақстанда КӘЖ тікелей реттейтін жеке заңдар жоқ. Алайда, оның әртүрлі аспектілері белгілі бір нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі. Мысалы, Конституцияда және Еңбек кодексінде бекітілген еркін және қауіпсіз еңбекке адам құқығы, демалыс.

Кәсіпкерлік және Салық кодекстерінде мүмкіндігі шектеулі адамдарды жалдау және әлеуметтік саланы, қайырымдылықты дамытуға бизнесте қатысу үшін экономикалық ынталандырулар айқындалған. Табиғи ресурстарды пайдалану және кәсіпорындардың қоршаған ортаға әсерін Экологиялық кодекс реттейді. Мемлекетпен әлеуметтік әріптестік қатынастары Мемлекеттік жеке әріптестік туралы Заңмен реттеледі, ал жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасында ұжымдық шарттар, салалық келісімдер жасасу Еңбек кодексінде көрініс тапты. Ірі бизнестің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігінен Қазақстанның тұрақты дамуына айтарлықтай оң әсерін мемлекетпен азаматтық қоғамдастықтармен әріптестігі кезінде ғана күтуге болады.

Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы мен «Орталық Азияның Еуразия» қоры ұсынған Бизнестің КӘЖ ұлттық тұжырымдамасының жобасы әлі бекітілген жоқ. Бірқатар ғалымдар бұл тұжырымдамада мәселелерді ескеру керек деп санайды:

- қоғамдағы айқын әлеуметтік дифференциацияны тегістеу;
- инновацияларды жедел енгізу үшін инфрақұрылым құру;
- экологиялық тепе-теңдікті сақтау және «жасыл» экономика қағидаттарын енгізу;
- бұрын шетелге шығарылған капиталдарды елдің экономикалық жаңғыртылуына қайта инвестициялау;
- көлеңкелі экономика мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес [24].

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Қазақстандық КӘЖ моделі әлі толық қалыптаспаған. Ол әлеуметтік-экономикалық және экологиялық саясатты жүзеге асыратын мемлекеттің белсенді қатысуының және корпорациялардың арнайы белгіленген ынталандыру мен жеңілдіктер жүйесі арқылы реттейтін мемлекеттің араласуынсыз бизнес құрылымдардың қоғаммен өзара әрекеттесуінің үйлесімімен сипатталады. Бұл ретте билік пен бизнестің өзара іс-қимылының мынадай бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

– кәсіпкерлерден алынатын мөлшерленбеген және бақыланбайтын алымдар болып табылатын «ерікті-мәжбүрлі қайырымдылық» ұйымы;

– әлеуметтік инвестицияларды қарастыратын жергілікті билік органдарымен ынтымақтастық туралы меморандумдарды жасасу. Бұл бағыт әлеуметтік-экономикалық жағдайы жергілікті қоғамдастықта корпоративтік мүдделерді ілгерілету үшін өз беделін сақтауға мүдделі қала құрушы кәсіпорындарға тәуелді қалаларға тән;

– барлық аталған тараптар мүдделі жобаларды іске асыратын мемлекеттің, бизнестің және халықтың әлеуметтік әріптестігі.

Қазақстандағы әлеуметтік инвестициялардың едәуір бөлігі жыл сайын өңірлік билік органдарымен жасалатын стратегиялық әріптестік туралы келісімдер (ынтымақтастық туралы меморандумдар) шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл серіктестіктер жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Инфрақұрылымды дамытуға, білім беруге, жастарды дамытуға, спортты дамытуға, денсаулық сақтау мен әлеуметтік бірлікке ерекше көңіл бөлінеді.

Жергілікті атқарушы билік органдарымен жасалған меморандумдар шеңберінде жүзеге асырылатын, Павлодар облысының аумағында жер қойнауын пайдаланушылардың әлеуметтік инвестицияларын талдау, олардың көлемі алынатын пайдамен салыстырғанда шамалы болса да, олардың ұлғаю үрдісін куәландырады. Бұл компаниялардың КӘЖ бойынша міндеттемелерді арттыру әлеуеті баршылық.

КӘЖ жаһандық шартына қатысушылар арасында қазақстандық компаниялар санының аздығын және олардың әлеуметтік жауапкершілігін іске асыру туралы ақпаратты сапалы көрсететін қаржылық



емес есептілікті ұсынғысы келмейтінін атап өтеміз. Көптеген кәсіпкерлер КӘЖ қатысудан түсетін табыс тұтынушылардың мүмкіндіктерін іске асыру үшін экономикалық, әлеуметтік және экологиялық жағдайларды жақсартудың арқасында жылдар өткен соң ғана байқалатынына риза емес. Бұл негізінен КӘЖ компанияларының қабылдау белсенділігінің төмендігімен түсіндіріледі.

Бизнестің КӘЖ-ін дамыту мәселелерін шешуге оның жергілікті билік органдарымен және қоғамдастықтармен әріптестігін кеңейту, ұлттық табыстың өсуінен және елдің табиғи ресурстарын пайдаланудан түсетін пайданы әділ бөлуге деген қоғамдық сұраныстың күшеюі, сондай-ақ КӘЖ тұжырымдамасын толыққанды қабылдау ықпал ететін болады.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы [Электронды ресурс] // Әділет [web-портал]. – 1995. – URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_) (қарау уақыты: 13.02.2021).
2. Ringov D., Zollo M. Corporate responsibility from a socio-institutional perspective. The impact of national culture on corporate social performance // *Corporate Governance*. – 2007. – № 7 (4). – P. 476–485.
3. Социальные программы социальной ответственности бизнеса [Электронды ресурс] // *Деловой журнал «Устойчивый бизнес»*. – 2008. – URL: <https://csrjournal.com/187-socialnye-programmy-socialnoj-otvetstvennosti.html> (қарау уақыты: 13.02.2021).
4. Khalina V., Vasil'eva T. Social responsibility as the main Component of Enterprise Customer Orientation // *Investytsiyi: praktyka ta dosvid*. – 2019. – № 18. – P. 53–61. – DOI: 10.32702/2306-6814.2019.18.53.
5. Кузнецова Н. В., Маслова Е. В. Модели КСО // *Вестник Томского государственного университета. Экономика*. – 2013. – № 4 (24). – С. 22–36.
6. Сообщение о достигнутом прогрессе в рамках глобального договора ООН. Отчетный период: 2017-2018 гг. [Электронный ресурс] // Агентство корпоративного развития «КСО Центральная Азия» [web-сайт]. – 2019. – 38 p. – URL: [https://s3-us-west-2.amazonaws.com/unge2019/474189/original/COE\\_20172018\\_CSR\\_CENTRAL\\_ASIA\\_RU](https://s3-us-west-2.amazonaws.com/unge2019/474189/original/COE_20172018_CSR_CENTRAL_ASIA_RU) (қарау уақыты: 23.01.2021).
7. Национальный отчет. Поступления 2018 по данным КГД МФ РК [Электронды ресурс] // ИПДО Казахстан [web-сайт]. – URL: <http://eiti.geology.gov.kz/ru/national-reports> (қарау уақыты: 23.01.2021).
8. Нефтегазовая отрасль Республики Казахстан [Электронды ресурс] // АО "Казахстанская фондовая биржа" [web-сайт]. – 2019. – 16 с. – URL: [https://kase.kz/files/presentations/ru/KASE\\_OilGas\\_industry\\_2019.pdf](https://kase.kz/files/presentations/ru/KASE_OilGas_industry_2019.pdf) (қарау уақыты: 23.01.2021).
9. «Меморандумы о взаимном сотрудничестве между акиматом Павлодарской области и недропользователями» 2013-2018 годы (құжат қағаз нұсқасында: жарияланбайды).
10. Сводный отчет по расходам на социальное развитие и местную инфраструктуру, за исключением средств, перечисленных на КБК 206114 за 2016-2018 годы. [Электронды ресурс] // Единая государственная система управления недропользованием республики казахстан [web-сайт]. – URL: [https://egsu.energo.gov.kz/webapp/pages/ipdo/appendix\\_3\\_2.jsf?faces-redirect=true](https://egsu.energo.gov.kz/webapp/pages/ipdo/appendix_3_2.jsf?faces-redirect=true) (қарау уақыты: 28.01.2021).
11. Отчет перед потребителями и иными заинтересованными лицами об исполнении утвержденной тарифной сметы и инвестиционной программы, в том числе финансовая отчетность АО ЕЭК 2017-2019 годы [Электронды ресурс] // Eurasian Resources Group (ERG) [web-сайт]. – 2019. – 17 с. – URL: <https://www.erg.kz/ru/content/investicionnye-proekty> (қарау уақыты: 28.01.2021).
12. Аналитический отчет о прибыли KAZ Minerals. [Электронды ресурс] // АО «Фридом Финанс» [web-портал]. – 2020. – URL: [http://freedom24.kz/newsatolog/obnovlenie\\_otsenki\\_kaz\\_minerals\\_posle\\_vykhoda\\_finansovogo\\_otcheta\\_za\\_2019\\_god\\_](http://freedom24.kz/newsatolog/obnovlenie_otsenki_kaz_minerals_posle_vykhoda_finansovogo_otcheta_za_2019_god_) (қарау уақыты: 06.02.2021).
13. Консолидированная финансовая отчетность в соответствии с МСФО ТОО «Богатырь комир» на 31.12.2017-2018 гг. [Электронды ресурс] // ТОО «Богатырь комир» [web-сайт]. – 2019. – URL: [http://www.bogatyir.kz/media/filebrowser/fin\\_otch\\_2018.pdf](http://www.bogatyir.kz/media/filebrowser/fin_otch_2018.pdf) (қарау уақыты: 06.02.2021).
14. Показатели ВВП 2016-2018 гг. [Электронды ресурс] // Агентство по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан Бюро национальной статистики [web-портал]. – URL: <https://stat.gov.kz> (қарау уақыты: 25.01.2021).

15. Отчет о корпоративной ответственности за 2017–2018 гг. (национальный контекст) [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.kazminerals.com/ru> (қарау уақыты: 25.01.2021).
16. Определение перечня для сверки по данным МФ [Электронды ресурс] // ИПДО Казахстан [web-сайт]. – 2016. – URL: <http://eiti.geology.gov.kz/ru/national-reports> (қарау уақыты: 25.01.2021).
17. Доклад «Налоговые поступления от 300 налогоплательщиков за 2017-2018 годы» [Электронды ресурс] // ТОО «Университет международного бизнеса» [web-сайт]. – 2019. – URL: [https://uib.kz/wp-content/uploads/2019/08/Doklad\\_300\\_nalogoplatelshnikov.pdf](https://uib.kz/wp-content/uploads/2019/08/Doklad_300_nalogoplatelshnikov.pdf) (қарау уақыты: 25.01.2021).
18. Национальный отчет ИПДО. Поступления 2018 по данным КГД МФ РК. [Электронды ресурс] // ИПДО Казахстан [web-сайт]. – URL: <http://eiti.geology.gov.kz/ru/national-reports> (қарау уақыты: 25.01.2021).
19. Пояснительная записка к годовому отчету об исполнении областного бюджета Павлодарской области за 2016-2017 годы [Электронды ресурс] // Маслихат Павлодарской области [web-сайт]. – 2018. – URL: <https://oblmaslihat.pavlodar.gov.kz/blogs/view/1/1400> (қарау уақыты: 25.01.2021).
20. Кабатова К. «Корпоративная социальная ответственность по-казахстански: госорганы, бизнес и гражданский сектор как ключевые участники построения системного подхода к КСО» [Электронды ресурс] // Программа для молодых исследователей в области публичной политики Фонда Сорос-Казахстан. – 2016. – 56 с. – URL: [https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2018/02/corporate\\_social\\_responsibility.pdf](https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2018/02/corporate_social_responsibility.pdf) (қарау уақыты: 25.01.2021).
21. Международный стандарт ISO 26000:2010 (Draft) «Руководство по социальной ответственности». [Электронды ресурс]. – URL: [https://bstudy.net/626413/ekonomika/standart\\_26000](https://bstudy.net/626413/ekonomika/standart_26000) (қарау уақыты: 25.01.2021).
22. Выступление Президента Н. А. Назарбаева на республиканском Форуме по вопросам социальной ответственности бизнеса (Жезказган, 24 января 2008 года) [Электронды ресурс] // Юрист – Параграф Online [web-портал]. – URL: [https://online.zakon.kz/m/Document/?doc\\_id=30155062](https://online.zakon.kz/m/Document/?doc_id=30155062) (қарау уақыты: 25.01.2021).
23. «Развитие Корпоративной Социальной Ответственности в Казахстане: ситуация, проблемы и перспективы развития». Подготовлено для Фонда «Евразия Центральной Азии» [Электронды ресурс] // Центр исследований «Сандж». – 2013. – URL: <http://pdf.knigi-x.ru/21raznoe/192378-1-korporativnaya-socialnaya-otvetstvennost-kazahstane-situaciya-problemi-perspektivi-razvitiya-podgotovleno.php> (қарау уақыты: 25.01.2021).
24. Сансызбаева Г. Н., Сансызбаев С. Н., Шаяхметова К. О., Садыкова Ж. Е., Турсумбаева М. Ж. К вопросу о концепции корпоративной социальной ответственности бизнеса в Казахстане // Вестник МИЭП. – 2015. – № 1 (18). – С. 9–23.

## REFERENCES

1. The Constitution of the Republic of Kazakhstan (1995), available at: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000> (accessed: February 13.02, 2021).
2. Ringov D. & Zollo M. (2007), “Corporate responsibility from a socio-institutional perspective. The impact of national culture on corporate social performance”, *Corporate Governance*, No. 7 (4), pp. 476–485.
3. “Programmi sotsial`noi otvetstvennosti biznesa” (2008), *Journal Sustainable Business*, available at: <https://csrjournal.com/187-socialnye-programmy-socialnoj-otvetstvennosti.html> (accessed: February 13.02, 2021). (In Russian).
4. Khalina V. & Vasil'eva T. (2019), “Social responsibility as the main Component of Enterprise Customer Orientation”, *Investytsiyi: praktyka ta dosvid*, No. 18, P 53-61, DOI: 10.32702/2306-6814.2019.18.53.
5. Kuznetsova N. V. & Maslova E. V. (2013), “Modeli KSO”, *Tomsk State University Journal. Economy*, No. 4 (24), P. 19–27.
6. CSR Central Asia (2019), “Soobshchenie o dostignutom progresse v ramkah global'nogo dogovora OON. Otchetnyj period: 2017-2018 gg.”, 38 p., available at: [https://s3-us-west-2.amazonaws.com.unge2019/474189/original/COE\\_2017-2018\\_CSR\\_CENTRAL\\_ASIA\\_RU](https://s3-us-west-2.amazonaws.com.unge2019/474189/original/COE_2017-2018_CSR_CENTRAL_ASIA_RU) (accessed: January 23, 2021) (In Russian).

7. National report. Proceeds 2018 according to the State Revenue Committee of the Ministry of Finance of the Republic of Kazakhstan, available at: <http://eiti.geology.gov.kz/ru/national-reports> (accessed: January 23, 2021).
8. “Neftegazovaya otrasl Respubliki Kazakhstan” (2019), 16 p., available at: [https://kase.kz/files/presentations/ru/KASE\\_OilGas\\_industry\\_2019.pdf](https://kase.kz/files/presentations/ru/KASE_OilGas_industry_2019.pdf) (accessed: January 23, 2021).
9. «Memorandum o vzaimnom sotrudnitsestve mezhd u akimatom Pavlodarskoi oblasti I nedropolzovatelyami» 2013 - 2018 godi (document in paper version: not published) (In Russian).
10. “Svodni otzet po raschodam na sotsial`noe razvitie I mestnuy infrastrukturu”, available at: [https://egsu.energo.gov.kz/webapp/pages/ipdo/appendix\\_3\\_2.jsf?faces-redirect=true](https://egsu.energo.gov.kz/webapp/pages/ipdo/appendix_3_2.jsf?faces-redirect=true) (accessed: January 28, 2021) (In Russian).
11. “Finansovaya otzetsnost` AO EEK 2017-2019 godi” (2019), available at: <https://www.erg.kz/files.pdf> (accessed: January 28, 2021) (In Russian).
12. “Analitizeski otzet o pribili KAZ Minerals” (2020), available at: <https://fhs.kz/wp-content/uploads/2019/08/-2019.08.15-KAZ.pdf> (accessed: February 06, 2021) (In Russian).
13. “Finansovaya otzetsnost` TOO«Bogatir` Komir» na 31.12.2017-2018 godi”, available at: <https://opi.dfo.kz/p/ru/DfoObjects/objects/teaser-view/26294?ElDossierTabId=AuditReports> (accessed: February 06, 2021) (In Russian).
14. “Pokazateli WRP 2016-2018 godi”, available at: <https://stat.gov.kz> (accessed: January 25, 2021) (In Russian).
15. “Otzet o korporativnoi otvetstvennosti za 2017 – 2018 godi”, available at: <https://www.kazminerals.com/ru> (accessed: January 25, 2021) (In Russian).
16. “Opredelenie pereznya dlya sverki po dannim MF” (2016), available at: <http://eiti.geology.gov.kz/ru/national-reports> (accessed: January 25, 2021) (In Russian).
17. “Doklad «nalogovie postupleniya ot 300 nalogoplatel`nikov»” (2019), available at: [https://uib.kz/wp-content/uploads/2019/08/Doklad\\_300\\_nalogoplatelshhikov.pdf](https://uib.kz/wp-content/uploads/2019/08/Doklad_300_nalogoplatelshhikov.pdf) (accessed: January 25, 2021) (In Russian).
18. “Nazional`ni otszet IPDO. Postupleniya 2018 po dannim KGD MF RK”, available at: <http://eiti.geology.gov.kz/ru/national-reports> (accessed: January 25, 2021) (In Russian).
19. “Poyasnitel`naya zapiska k godovomu otzetu ob ispolnenii budzheta Pavlodarskoi oblasti za 2016-2017 godi” (2018), available at: <https://oblmaslihat.pavlodar.gov.kz/blogs/view/1/1400> (accessed: January 25, 2021) (In Russian).
20. Kabatova K. (2016), “Korporativnaya sotsial`naya otvetstvennost` po - kazakhstanski: gosorgani, biznes I grazhdanski sector kak kluzevie uzastniki postroeniya sistemnogo podkhoda k KSO». Programm dlya molodikh issledovatelei politiki Fonda Soros-Kazakhstan 2016 god”, available at: [https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2018/02/corporate\\_social\\_responsibility.pdf](https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2018/02/corporate_social_responsibility.pdf) (accessed: January 25, 2021) (In Russian).
21. “Mezhdunarodni standart ISO 26000:2010 (Draft) «Rukovodstvo sotsial`noi otvetstvennosti»”, available at: [https://bstudy.net/626413/ekonomika/standart\\_26000](https://bstudy.net/626413/ekonomika/standart_26000) (accessed: January 25, 2021) (In Russian).
22. “Vistuplenie Prezidenta N. A. Nazarbaeva na pespublikanskom Forume po voprosam sotsial`noiotvetstvennosti biznesa (Zheskazgan, 24 yanvarya 2008 goda)”, available at: [https://online.zakon.kz/m/Document/?doc\\_id=30155062](https://online.zakon.kz/m/Document/?doc_id=30155062) (accessed: January 25, 2021) (In Russian).
23. “Razvitie Korporativnoi sotsial`noi otvetstvennosti v Kazakhstane: situatsiya, problemi i perspektivi. Zentr issledovaniya Sandzh” (2013), available at: <http://pdf.knigi-x.ru/21raznoe/192378-1-korporativnaya-socialnaya-otvetstvennost-kazahstane-situaciya-problemi-perspektivi-razvitiya-podgotovleno.php> (accessed: January 25, 2021) (In Russian).
24. Sansyzbaeva G. N., Sansyzbaev S. N., Shayakhmetova K. O., Sadykova Zh. E. & Tursumbaeva M. Zh. (2015), “K voprosu o konceptzii Korporativnoi sotsial`noi otvetstvennosti biznesa v Kazakhstane”, Vestnik MIEP, No. 1 (18), pp. 9-23.

## DEVELOPMENT OF CORPORATE SOCIAL RESPONSIBILITY IN KAZAKHSTAN

Z. K. Altaibayeva<sup>1</sup>, S. S. Khamzina<sup>2\*</sup>, A. K. Baltabayeva<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Toraighyrov University, Pavlodar, Republic of Kazakhstan

<sup>2</sup>Innovative University of Eurasia, Pavlodar, Republic of Kazakhstan

<sup>3</sup>Turan University, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan

---

### ABSTRACT

*The purpose of the study* is to determine the model of corporate social responsibility in Kazakhstan, as well as to identify problems and development prospects based on the analysis of the promotion of its ideas.

*Methodology.* To determine trends in the development of corporate social responsibility in Kazakhstan, the following approaches have been applied: systemic, dialectical, comparative, territorial-evaluative. The variety of methods is combined into groups: description, comparison, economic and statistical methods, correlation analysis, generalization, other methods and techniques.

*Originality / value of the research.* The article discusses the features of promoting the principles of corporate social responsibility (hereinafter - CSR) in the Republic of Kazakhstan. All components of promoting CSR principles in Kazakhstan are considered as a single system, which defines the conceptual framework, stakeholders in the development of CSR, as well as legal support for its development in the country. The authors characterize the Kazakhstani CSR model of large business and provide examples of the practical implementation of its principles at the present stage. Social investment of subsoil user companies in the territory of their presence in Pavlodar region is analyzed. The considered social investment was carried out within the framework of memorandums of mutual cooperation with local executive authorities.

*Findings.* Based on the study, the authors formulated conclusions about the state of development of CSR business in Kazakhstan.

*Keywords:* corporate social responsibility, partnership, sustainable development, business, stakeholders.

## РАЗВИТИЕ КОРПОРАТИВНОЙ СОЦИАЛЬНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ В КАЗАХСТАНЕ

Ж. К. Алтайбаева<sup>1</sup>, Ш. Ш. Хамзина<sup>2\*</sup>, А. К. Балтабаева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Торайгыров Университет, Павлодар, Республика Казахстан

<sup>2</sup>Инновационный Евразийский Университет, Павлодар, Республика Казахстан

<sup>3</sup>Университет Туран, Алматы, Республика Казахстан

---

### АННОТАЦИЯ

*Цель исследования* – определение модели корпоративной социальной ответственности в Казахстане, а также выявление проблем и перспектив развития на основе анализа продвижения ее идей.

*Методология.* Для определения тенденций развития корпоративной социальной ответственности в Казахстане применены подходы: системный, диалектический, сравнительный, территориально-оценочный. Многообразие методов объединено в группы: описание, сопоставление, экономико-статистические методы, корреляционный анализ, обобщение, другие методы и приемы.

*Оригинальность / ценность исследования.* В статье рассмотрены особенности продвижения принципов корпоративной социальной ответственности (далее – КСО) в Республике Казахстан. Все составляющие продвижения принципов КСО в Казахстане рассмотрены как единая система, в которой определены концептуальные основы, заинтересованные стороны развития КСО, а также правовое обеспечение ее развития в стране. Авторами дана характеристика казахстанской модели КСО крупного бизнеса и приведены примеры практической реализации ее принципов на современном этапе. Проана-



лизировано социальное инвестирование компаний недропользователей на территории их присутствия в Павлодарской области. Рассмотренное социальное инвестирование осуществлялось в рамках меморандумов о взаимном сотрудничестве с местными исполнительными органами власти.

*Результаты исследования.* На основании проведенного исследования авторами сформулированы выводы о состоянии развития КСО бизнеса в Казахстане.

*Ключевые слова:* корпоративная социальная ответственность, партнерство, устойчивое развитие, бизнес, стейкхолдеры.

#### АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

**Алтайбаева Жанат Калеловна** – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан Республикасы, e-mail: zhanat.ka@mail.ru

**Хамзина Шолпан Шапиевна** – саяси ғылымдарының кандидаты, профессор, Инновациялық Еуразия Университеті, Павлодар, Қазақстан Республикасы, e-mail: khamzina\_64@mail.ru\*

**Балтабаева Азия** – экономикалық ғылымдар магистрі, Туран Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: baltabaeva@mail.ru

МРНТИ 06.39.41

JEL Classification M14

<https://doi.org/10.52821/2224-5561-2021-2-92-106>

#### КОРПОРАТИВНАЯ СОЦИАЛЬНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ КВАЗИГОСУДАРСТВЕННОГО СЕКТОРА: ПРИНЦИПЫ И ПРОЦЕССЫ

**Н. О. Бекенов<sup>1\*</sup>, С. Н. Досова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Satbayev University, Алматы, Республика Казахстан

---

#### АННОТАЦИЯ

*Цель исследования* – систематизация современных представлений о принципах и процессах корпоративной социальной ответственности (КСО) в квазигосударственном секторе.

*Методология* – формализованные методы анализа литературных источников – контекстный анализ, дедукция, метод апперцепирования.

*Оригинальность / ценность исследования* – исследование представляет ценность для компаний квазигосударственного сектора Республики Казахстан, поскольку позволяет устранить существующие на сегодня разрывы знаний (research gaps) в методологии управления корпоративной социальной ответственностью. Для обобщения качества и эффективности КСО сформулированы принципы КСО и принципы эффективного управления КСО в квазигосударственном секторе экономики. Выполнение этих принципов на практике осуществляется через процессы и проекты КСО.

*Результаты исследования* – предложена модель эффективного управления КСО, связывающая цикл PDCA (Plan-Do-Check-Act), процессы КСО и принципы эффективного управления КСО. Предложенную модель можно принять за общую структурную рамку системы управления КСО в квазигосударственной компании и далее декомпозировать данную систему на уровень конкретных процедур и проектов КСО.

*Ключевые слова:* социально ответственный бизнес, квазигосударственный сектор, корпоративная социальная ответственность, управление корпоративной социальной ответственностью, принципы корпоративной социальной ответственности, процессы корпоративной социальной ответственности, цикл PDCA.